

"Қарағанды медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамын құру мәселелері туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 16 қазандағы № 646 қаулысы.

Қазақстан Республикасының Үкіметі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Қарағанды мемлекеттік медицина университеті" мен Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің "Еңбек гигиенасы және кәсіби аурулар ұлттық орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорындары заңнамада белгіленген тәртіппен біріктіру және қайта құру жолымен жарғылық капиталына мемлекет жүз пайыз қатысатын "Қарағанды медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – "ҚМУ" КеАҚ) болып қайта ұйымдастырылсын.

2. Жоғары білім беру, кең бейінді ауруханалар мен мамандандырылған ауруханалардың қызметі, стационарлары және жалпы дәрігерлік практикасы бар басқа да емдеу мекемелерінің қызметі "ҚМУ" КеАҚ қызметінің негізгі нысанасы болып айқындалсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) "ҚМУ" КеАҚ жарғысын бекітуді;

2) "ҚМУ" КеАҚ атынан мемлекеттік тіркеу үшін құжаттарға қол қоюға, қаржы-шаруашылық қызметті жүзеге асыруға және "ҚМУ" КеАҚ органдары құрылғанға дейін үшінші тараптың алдында олардың мүдделерін білдіруге уәкілеттік берілген адамды сайлауды;

3) "ҚМУ" КеАҚ әділет органдарында мемлекеттік тіркеуді;

4) "ҚМУ" КеАҚ акцияларының мемлекеттік пакетіне иелік ету және пайдалану құқықтарын Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне беруді;

5) осы тармақтан туындайтын өзге де шараларды қабылдауды қамтамасыз етсін.

4. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар бекітілсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі*

Б. Сағынтаев

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2018 жылғы 16 қазандағы
№ 646 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне енгізілетін өзгерістер мен толықтырулар

1. "Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне мемлекеттік меншіктің түрлері және ұйымдарға қатысудың мемлекеттік үлестері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 12 сәуірдегі № 405 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1999 ж., № 13, 124-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген акцияларының мемлекеттік пакеттері мен қатысу үлестері республикалық меншікте қалатын акционерлік қоғамдар мен шаруашылық серіктестіктердің тізбесінде:

"Қарағанды облысы" деген бөлім мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 214-19-жолмен толықтырылсын:

"214-19. "Қарағанды медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы".

2. "Республикалық меншіктегі ұйымдар акцияларының мемлекеттік пакеттері мен мемлекеттік үлестеріне иелік ету және пайдалану жөніндегі құқықтарды беру туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 27 мамырдағы № 659 қаулысында:

иелік ету және пайдалану құқығы салалық министрліктерге және өзге де мемлекеттік органдарға берілетін республикалық меншік ұйымдарындағы акциялардың мемлекеттік пакеттерінің және қатысудың мемлекеттік үлестерінің тізбесінде:

"Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігіне" деген бөлім: мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 227-22-жолмен толықтырылсын:

"227-22. "Қарағанды медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы".

3. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 03.06.2022 № 361 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

4. "Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысында (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2017 ж., № 6, 41-құжат):

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі туралы ережеде:

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің және оның ведомстволарының қарамағындағы ұйымдардың тізбесінде:

"1. Шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорындар" деген бөлімде: реттік нөмірлері 4 және 21-жолдар алып тасталсын;

"4. Акционерлік қоғамдар" деген бөлімде:

мынадай мазмұндағы реттік нөмірі 12-жолмен толықтырылсын:

"12. "Қарағанды медицина университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы.".

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК